Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Қазан 2019 жыл

Мазмұны

1. Іріктеме туралы ақпарат
2. Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі экономика бойынша
3. Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік индексі
4. Басқа мемлекеттердің PMI индексі
5. Бизнес-ахуал индексі

Іріктеме туралы ақпарат

2019 жылғы қыркүйектегі респонденттердің саны - ***437 кәсіпорын***.



Респондент-кәсіпорындардың салалық құрамы



Респондент-кәсіпорындардың өлшемдік құрамы



- *Іскерлік белсенділік индексі кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың бола-шақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптардың жиынтығын қамтитын құрама индекс.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



Экономикадағы іскерлік белсенділіктің өзгерісін сипаттайтын ІБИ 2019 жылдың қазан айында қыркүйек айына қарағанда төмендеді, бұл нақты сектордағы экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуін білдіреді.

Іскерлік белсенділіктің ең жоғарғы өсімі құрылыс саласында орын алды (55,4). Өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласында индекс сәйкесінше 51,4 және 50,7 құрады.

** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Сонымен бірге индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Экономика бойынша бірлестірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні

Құрылыс секторы бойынша ІБИ

55,4

Қызмет көрсету секторы бойынша ІБИ

50,7

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ

51,4

Экономика бойынша ІБИ = 51,2

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



Құрылыс саласындағы іскерлік белсенділіктің артуына жаңа тапсырыстардың өсуі және оған байланысты жұмыспен қамту деңгейінің өсуі себепші болды.

Жаңа тапсырыстардың және сәйкесінше жаңа өнімнің өсуі, онымен бірге тауарлық-материалдық қорлардың төмендеуі **өнеркәсіптегі** ІБИ 51,4 дейін аздап бәсеңдеуіне әкелді.

Қызмет көрсету секторында ІБИ өткен айдағы деңгейде сақталып қалды.

** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Сонымен бірге индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің өзгерістерінің жиынтығы ретінде есептеледі

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ

- Тауарлық-материалдық қорлар
- Жаңа өнім
- Жеткізу мерзімі
- Жұмыспен қамту деңгейі
- Жаңа тапсырыстар
- Іскерлік белсенділік

Құрылыс секторындағы ІБИ

Қызмет көрсету секторындағы ІБИ

Басқа мемлекеттердің PMI индексі

өндіріс саласы бойынша



дереккөз: G20 елдер шеңберіндегі өнеркәсіп саласындағы PMI
https://tradingeconomics.com/forecast/manufacturing-pmi?continent=g20, Қазастан бойынша – бірлестірілген ІБИ

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)



Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері Қазақстан экономикасындағы іскерлік ахуалдың 2019 жылдың қазан айында бірқалыпты жақсаруының жалғасуын сипаттайды.



2019 жылдың қазан айында Бизнес-ахуал индексі құрылыс саласында өсуін жалғастырды, ал өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласында төмендеді. Құрылыс саласындағы оптимизм негізінен маусымдық құрылыс жұмыстарының жалғасуымен, сонымен қатар 7-20-25 бағдарламасын жүзеге асуынан оң күтілетін үмітпен байланысты.



2019 жылдың қазанында кәсіпорындардың ағымдағы жағдайды бағалау көрсеткіші төмендеу аясына ауысты. Бұл, ең алдымен, өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторларындағы ағымдағы жағдайды теріс бағалаған кәсіпорындар санының көбеюіне байланысты болды. Алайда, сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың көпшілігі бизнес жағдайларының өзгермегендігін атап отыр.

Кәсіпорындардың 2019 жылдың қараша айына деген күтілімдері бойынша бизнес-ахуалының өзгеріссіз қалады.

**Бизнес-ахуал индексі ағымдағы айдағы және келесі айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң немесе теріс жауаптардың арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. Кәсіпорындар қаржы / несие, инфрақұрылым, құқықтық мәселелер, салық ауыртпалығы, тексерулер, айыппұлдар және т.б. жағдайларды бағалайды.*

Әдіснамалық түсініктеме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптардың жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Бизнес - ахуал индексін есептеу үшін жауаптар балансы қолданылады. Жауаптар балансы ағымдағы айдағы және болашақ айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгерістері жайлы сұрақтарға оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық.

$$\text{БАИ*} = \sqrt{(\text{ЖБ(АЖ)} + 200) * (\text{ЖБ(БЖ)} + 200)} - 200$$

Где, ЖБ – жауаптар балансы
АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай
БЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

** CESifo (Германия) бизнес – ахуалды бағалау әдіснамасына сәйкес*

Ақша – кредит саясаты департаменті
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ